

Ата-аналарға арналған жадынама

Сіздің балаңыз және әлеуметтік желі жайлы қарапайым ережелер

Әлеуметтік желілерде аты әлемге әйгілі «Ажал қауіпі» деп тараған, соның ішінде суицидтік ойын түрлері - «Синий кит», «Беги и умри», «Киты плывут верх», «Млечный путь», «50 дней до моего ...». Қазақстан Республикасының тұрғындарының әсіресе жасөспірімдер арасында өз денесіне физикалық тұрғыдан зақымдап фотасын желіге салулар жиілеп барады. Жасөспірімдерге 50 тапсырмадан тұратын ойын ойнауға шақырады.

Соңғы он жылдықта сіз қалайсыз ба, қаламайсыз ба балалардың сөйлеу мәнері заманына қарай өзгеріп барады. Олар аз сөйлеп, көбіне әлеуметтік желілерде отыратын болды. 11-14 жасар балалар арасында әлеуметтік желіге тәуелділік белең алды, олар «Facebook» және «ВКонтакте» парақшаларына тіркелу ата-аналардың рұқсатымен болуы керек. Кейбір ата-аналар 16 жасқа дейін әлеуметтік желіге кіруге тыйым салады. Бұл тиімсіз шешім, тыйым салған сайын баланың қызығушылығын арттырасыздар, олар сізден жасырын желіге кіретін болады. Тек балаға саналы түрде түсіндіру керек. Көптеген экрандарды қонақ бөлмеге қойып баламды қадағалаймын десеңіз қателескеніңіз, себебі смартфондар, ұялы байланыс телефондары, теледидар, ойын автоматтары, мектеп ішілік компьютерлер арқылы бала бұқаралық ақпарат көздерінен танысатын болады.

Жеке қауіпсіздік шарасы

Бір өзі жеке қалғанда бала әлеуметтік желі парақшаларын парақтай отырып әртүрлі залымдардың, педофильдердің ойыншығына айналу қауіпі бар. Жол қауіпсіздігі секілді балалармен жеке бас қауіпсіздігін сақтау ережелерін бала санасына тоқыта беріңіздер.

Қарайым ережелер

Жат адамдарға есімін құпия ұстау, қауіп-қатерлі сөздер жазылған болса үйдегі ересектерге бірден айтуға және әлеуметтік желі жаңалықтарына еліктемеуіне қатал қадағалау жасаңыз. Әсіресе фота, видео материалдар баланың шатасуына әкелу қауіпі бар. Бұл жағдайда әлеуметтік желіге шектеу қойғаныңыз дұрыс болар.

Бұл әлеуметтік ойындарда сөйлесіп отырған адамның келбетін көрмей мимика, қимыл іс-әрекет арқылы әрекет жасау ақымақтық болады. Екінші қателік – түсініспеушілік, яғни желіде таныс және бөгде адамдар арасында танымалдық таныту. Ең бастысы жасөспірімдерге айтарымыз адамның көзіне

карап айта алмағаныңды желіде еліктіретін сөздер жазу арқылы заң алдында жауап беретінін ескерту.

«Жағалауда» кездесу

Сіз балаңызға сенімді болсаңыз да, өзіңіз үшін қадағалап отырыңыз. Бірақ, бала бұл шешіміңізді білмеуі тиіс. Балаңыздың әлеуметтік парақшасына дос ретінде тіркеліп, балаңыздың жасаған қадамдарын байқап отырсаңыз болады. Ата-аналар тарапынан желіге құпия сөз қалдыру, шектеу қою арқылы балаңыздың жазған хаттарын оқи алмайсыздар. Балаға сенімділік танытып әлеуметтік желіде отыру тәртібін қадағалап, реттеп отырыңыздар.

Қауіптісі

Жасөспірімдер арасында белең алған ойын түрі улау (травли) деп аталады. Зерттеу нәтижесіне сүйенсек (ағылшын тілінен аударғанда – кибербуллинг) ұзақ мерзімді қысым көрсете отырып, өмірмен қоштасуға жетелейді екен. Онлайн режиміндегі травлидің екі қауіпі бар: онлайн режимде соңына түсіп алады және өзі жазып берген тұлғалық ерекшеліктерін өзіне қарсы пайдаланатын болады. Оның бір неше нұсқасы бар, сыныптастарының бірінің фотасын кесіп алып оның астына қауіп төндіретін сөздер жазуы әбден мүмкін. Бұл ересектерді шошытқанымен жасөспірімдер арасында қызығушылық оятуы мүмкін, сондықтанда ата-ана тарапына қатал бақылау орнатқаныңыз дұрыс. Егер сіздің балаңыз өз қатарластарына осындай қысымшылық танытып жүргенін байқап қалсаңыз, заң алдында жауап беретінін және нәтижесі неге апарып соғатын түсіндіруге тырысыңыз.

Балаңыздың қызығушылығы неге басым екенін білесіздер ме?! Әлеуметтік желі жалғыз бұл ғана емес. Мысалы: статистикаға жүгінсек Россия елінде «Қару-жарақ» сайд парақшаларында көптеген жасөспірімдер тіркелген екен. Балаңызды жоғалытып алмау үшін, баланың ойын тыңдап, әрдайым ақылдасып бірге шешіңіздер. Балаңызға Фейс Бук парақшаларына тіркелу арқылы өзінің жеке бас ерекшелік пен мағлұматтарды қалай құпия ұстау керектігін түсіндіріп отырыңыз. Балаңыздың сеніміне кіре отырып, өзіңіздің көсбасшылық қасиеттіңізді арттырасыз.